

САПА САЛАСЫНДАҒЫ МАҚСАТТАР
Сәтбаев атындағы ҚазҰТЗУ

Химиялық процестер және өнеркәсіптік экология кафедрасы
2020/2023 жылдарға арналған

Химиялық процестер және өнеркәсіптік экология кафедрасы Қ.И.Сәтбаев атындағы ҚазҰТЗУ химиялық және биологиялық технологиялар институтының құрамына кіреді. «Химиялық процестер және өнеркәсіптік экология» кафедрасының сапа саласындағы мақсаттары мен міндеттері инновациялық технологиялық процестер мен өндірістер, техносфералық қауіпсіздік саласында жоғары білікті мамандарды даярлау кезінде институт пен университеттің саясаты мен мақсаттарын барынша орындау; кафедраның білім беру бағдарламаларын дамыту; ИСО 9001-2015 "Сапа менеджменті жүйесі" стандартының талаптарын орындау болып табылады. Университет пен институттың сапа саласындағы саясаты мен мақсаттарын жүзеге асыру үшін ХПЖӨЭ кафедрасы келесі мақсаттарды қояды:

- Қазақ, орыс және ағылшын тілдерінің үштұғырлығы негізінде бакалаврлар, магистрлер мен PhD докторанттарды даярлау бойынша оқу жоспарларының сапасын арттыру және пәндердің экологиялық бағытын 10% - ға күшейту;

- ҚР БҒМ гранттық қаржыландыруға қатысу үшін тапсырыстарды өсіру және материалдық-техникалық базаны күшейту арқылы кафедраның инновациялық және ғылыми-зерттеу қызметін дамыту және күшейту;

- Web of Science, Scopus және РҒДИ халықаралық деректер қоры журналдарында жарияланымдардың 3% - ға дейін өсуіне қол жеткізу;

- Бакалавриат студенттерін, магистранттар мен PhD докторанттарды ғылыми зерттеулерге тарту арқылы кафедраның ғылыми-білім беру және ғылыми-педагогикалық қызметін 5% - ға арттыру ;

- Ғылыми-әдістемелік семинарлар, ғылыми конференциялар ұйымдастыру арқылы кафедраның профессорлық-оқытушылық құрамының біліктілігін арттыру, ағылшын тілін меңгеру деңгейін 3 % деңгейге көтеру;

- Білім, ғылым және өндірісті интеграциялау мақсатында ҚР өнеркәсіптік кәсіпорындарымен және жетекші шетелдік жоғары оқу орындарымен серіктестік орнату.

ХПЖӨЭ кафедрасының меңгерушісі 

Кубекова Ш.Н.

«08» қазан 2020 ж.